ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 24 маусым № 1013-24-00-2/964 іс Семей қаласы

Абай облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Т. Ергалиева,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Куаныш Турсынбекулы Карибаев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
- Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тану туралы;

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жеке кәсіпкер Куаныш Турсынбекулы Карибаевты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Куаныш Турсынбекулы Карибаевты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Куаныш Турсынбекулы Карибаевтан мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Документ подписан: Ергалиева А. Т., 25.06.2024
Дата вступления в законную силу: 01.08.2024, судья Ергалиева А. Т., 01.08.2024
1013-24-3-1/950

Шешімге наразы тарап осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін Абай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы бір ай мерзімде апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.Ергалиева**

Документ подписан: Ергалиева А. Т., 25.06.2024

Дата вступления в законную силу: 01.08.2024, судья Ергалиева А. Т., 01.08.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
- Судопроизводство -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»